

KASE АПТАЛЫҒЫ

05–09 Қаңтар, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE "KASE SME Qadam Bonds" бағдарламасының іске қосылғаны туралы [хабарлайды](#).
- KASE сауда-саттық, клиринг және сауда-саттық өткізілетін күні есеп айырысумен Қытай юані бойынша есеп айырысу регламентін [өзгертеді](#).
- KASE 2026 жылғы 04 ақпаннан бастап KASE индексін есептеуге арналған өкілдік тізімді [анықтады](#).
- KASE ресми тізіміне американдық [US01609W1027](#) (BABAd) және [US0567521085](#) (BIDUd) депозитарлық қолхаттар енгізілді.
- KASE-де "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-тың [KZ2C00015246](#) (AGKKb23), "Mogo Kazakhstan (Moro Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00016686](#) (MFMOb35) және [KZ2P00016694](#) (MFMOb36) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Mogo Kazakhstan (Moro Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00016686](#) (MFMOb35) және "Сейф-Ломбард" ЖШС-ның [KZ2P00013386](#) (MFSLb8) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне ауыстырылды.
- KASE-де 2026 жылдың ақпан және желтоқсан айларында орындалатын фьючерстермен сауда-саттық [ашылды](#).
- "BCC Invest" АҚ-қа 10 атаудағы облигациялар бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- "SkyBridge Invest" АҚ "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" АҚ-тың XS1682544157, US48668NAA90 (KZTGe1) халықаралық облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесінен [бас тартты](#).
- "KMF Банк" АҚ KASE-де шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысуға [жіберілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 43,6 млн MEYKAM [KZKD00001269](#) (MUM120_0020), 28,1 млн MEYKAM [KZKD00001228](#) (MUM096_0014) және 47,6 млн MEOKAM [KZK200000737](#) (MOM060_0054) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ екіжылдық KZ2C00015196 (KFUSb114) облигацияларын орналастыру арқылы 14,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-тың [атауы](#) өзгерді.
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ 2024 жыл үшін жай акциялары бойынша дивидендтің үшінші траншын [төледі](#).
- "Фридом Финанс" АҚ "Fixed Income USD" ИПИҚ-тың KZPF00000082 (FFIN_or) пайлары бойынша 2025 жылдың төртінші тоқсанына дивиденд [төледі](#).
- "СМК ФФ-1" АҚК ЖШС KZ2P00014632 (SFKFb1) облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтегені туралы [хабарлады](#).

09.01.2026	Трендтер (%)		
KASE Индексі	7 299,29	3,8	5,2
	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а


АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	32 880,0	17,2	9,2
Intel Corporation	43,9	16,4	8,2
АО "ForteBank"	17,1	12,4	32,6
Freedom Holding Corp.	137,5	7,8	- 0,4
АО Kaspi.kz	43 170,0	6,9	9,8
АО "Қазақтелеком"	44 765,0	3,2	11,2
АО "ҚазТрансОйл"	979,0	3,1	12,8
АО "Банк ЦентрКредит"	4 775,0	2,5	3,8
Bank of America Corporation	56,1	1,5	3,7
Pfizer Inc.	25,3	1,0	- 1,3
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	21 810,0	0,4	0,4
АО "KM GOLD"	66,4	0,1	0,7
АО "Народный Банк Казахстана"	371,0	- 0,2	14,9
АО "Кселл"	3 374,0	- 0,3	0,1
NVIDIA Corp.	186,0	- 0,9	0,7
Microsoft Corporation	478,0	- 2,1	- 2,9
Tesla, Inc.	444,9	- 2,3	- 0,9
AT&T Inc.	24,2	- 2,3	- 1,4
PayPal Holdings Inc.	57,7	- 2,4	- 5,6
АО "KEGOC"	1 504,9	- 3,2	5,4
Advanced Micro Devices, Inc.	206,9	- 3,5	- 6,5
АО "Эйр Астана"	877,1	- 3,6	1,3
Apple Inc.	258,6	- 5,1	- 7,0

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі кезекті тарихи максимумға жетіп, 7 300 тармақтан асты. Жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында ол 7 299 тармақта белгіленді.

Эйр Астана әуекомпаниясы 2025 жылғы 23-29 желтоқсан аралығында сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы \$77 мың болатын 11,1 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Тасымалдаушының акцияларының бағасы бір апта ішінде 4 % арзандап, 877 теңге болды.


ҚазТрансОйл және "PERN" АҚ Польша Республикасының аумағындағы "Адамова Застава" пунктінде PERN базасында мұнайды қабылдау және тапсыру мәселелерін реттейтін ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды. Компанияның акциялары бір апта ішінде 3,1 % өсті. Сонымен қатар ҚазМұнайГаз акциялары 0,4 % өсім көрсетті.

Аптаның қорытындысы бойынша KASE Индексінің қаржы секторы өкілдерінің акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті: ЦентрКредит Банкінің жай акциялары 2,5 % өсті, ал Kaspi.kz акциялары 7 %, ал Халық банкінің акциялары аздап 0,2 % аздап арзандады.


Телекоммуникация секторында көп бағытты динамика байқалды: Kcell акциялары 3 374 теңгеге дейін 0,3 % төмендеді, ал Қазақтелеком акциялары 44 765 теңгеге дейін 3,2 % өсті.

Ақша нарығында апта қорытындысы бойынша TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 17,00 % деңгейінде сақталды. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 11,00 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Желтоқсан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,3 %, бір АҚШ доллары үшін 505,73 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 280 млн АҚШ долларынан 359 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 7,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,7 %, бір АҚШ доллары үшін 525,10 теңгеден 505,73 теңгеге дейін нығайды. Сауда-саттық көлемі 63 млрд АҚШ долларын құрап, 15 % артты.

Республикалық бюджетке трансферт бөлу, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыру үшін 2025 жылдың желтоқсанында Ұлттық қордан 400 млн АҚШ доллары сатылды, бұл сауда-саттықтың жалпы көлемінің 5 % немесе күніне шамамен 18 млн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, 2025 жылы Ұлттық қордан барлығы 8,2 млрд АҚШ доллары сатылды.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттерді айырбастауға арналған болжамды өтінімдері бойынша 2026 жылдың қаңтарында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350-ден 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында желтоқсан айында 475 млрд теңге стерилизацияланды. 2025 жылы айналау операциялары аясында БРҚ-дан сатылымдар 7 миллиард АҚШ долларын құрады.


2026 жылдың I тоқсаны ішінде айнадағыдай қаталау операциялары шеңберінде басым құқықты іске асырудан болжамды эмиссияны бейтараптандыру мақсатында, сондай-ақ алтын бағасының елеулі өсуі аясында 2025 жылы қалған алынбаған өтімділікті ескере отырып, шамамен 1,1 трлн теңгеге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарланған. Желтоқсан айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату шамамен 315 млн АҚШ доллары көлемінде болады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ-ның валюталық активтерінің үлесі 40 %-дан асатынын ескере отырып, Ұлттық Банк желтоқсан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қаңтар айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.25)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 966,28	1,8	1,2	17,7	1,5
 Dow Jones	49 504,07	3,0	3,0	16,1	2,3
 PTC	1 097,31	-1,5	-0,3	28,5	
 ММББ	2 724,85	-1,5	0,2	-1,7	
 Hang Seng	26 231,79	2,3	2,7	36,3	-0,7
 SS CSI 300	4 758,92	2,8	3,6	25,9	3,2
 Euro Stoxx 50	5 997,47	3,6	5,1	19,5	2,5
 FTSEuroFirst	6 744,00	3,1	5,7	20,0	2,3
 FTSE 100	10 124,60	1,9	4,9	21,7	1,6
 KASE	7 299,29	3,8	5,2	27,8	

Шикізат нарығы

09.01.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	63,34	4,1	1,8	-17,7
Мұнай (WTI)	59,12	3,0	1,1	-20,0
Табиғи газ	3,17	-14,0	-31,0	-14,4
Мыс	590,25	3,9	11,9	37,0
Темір	854,00	5,8	10,2	12,0
Алтын	4 509,50	4,4	6,6	69,1
Күміс	79,34	12,4	31,4	155,8
Астық	517,25	2,0	-2,6	-3,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
13.01 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (желт.)	USD	2,7%	2,7%
13.01 Жаңа тұрғын үй сату (қаз.)	USD	715K	800K
14.01 Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қазан)	USD		0,3%
14.01 Бөлшек сауда көлемі (а/а) (қараша)	USD	0,4%	0,0%
14.01 Шикі мұнай қоры	USD		-3,832M
15.01 ЖІӨ (а/а) (қараша)	GBP	0,0%	-0,1%
15.01 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	210K	208K
15.01 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаңтар)	USD		52,2

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,3%	01.01.26	12,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	65,7	01.01.26	61,8
Ақша базасы, млрд KZT	13 765,3	01.12.25	14 842,9
Ақша масса, млрд KZT	49 027,5	01.12.25	49 331,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 позитивті

22.08.25

BBB-/A-3 тұрақты

Moody's

Baa1/тұрақты

01.10.25

Baa2/позитивті

FitchRatings

BBB/тұрақты


15.07.25

BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.